

Пациент картасы

Вальпрой қышқылы (Депакин®, ДЕПАКИН® ХРОНО, Депакин® Хроно, Депакин® Хроносфера™) бойынша пациент картасы

Сіз нені білуіңіз және істеуіңіз қажет

Вальпрой қышқылын қабылдайтын және жүкті бола алатын барлық қыздар мен әйелдерге қатысты:

- Вальпрой қышқылын жүктілік кезінде қабылдау болашақ балаға елеулі зиян келтіруі мүмкін.
- Вальпрой қышқылымен емделудің барлық кезеңінде әрқашан тиімді контрацепция әдістерін үзіліссіз пайдаланыңыз.
- Егер сіз жүктімін деп ойласаңыз, өз емдеуші дәрігеріңізге шұғыл түрде қабылдауға жазылыңыз.
- Жылына кем дегенде бір рет емдеуші дәрігеріңізге қаралыңыз.

Вальпрой қышқылын қабылдайтын ерлер:

- Ұрықтануға дейінгі 3 ай ішінде вальпрой қышқылын қабылдаған әкелердің балаларында қимыл-қозғалыс және психикалық дамуының бұзылу қаупі бар.
- Ықтимал қауіпті және тиімді контрацепция қолдану қажеттілігін емдеуші дәрігеріңізбен талқылаңыз.

----- Обратная сторона -----

Вальпрой қышқылы (Депакин®, ДЕПАКИН® ХРОНО, Депакин® Хроно, Депакин® Хроносфера™) бойынша пациент картасы

Сіз нені білуіңіз және істеуіңіз қажет

- Вальпрой қышқылы - эпилепсияға мен биполярлық бұзылысқа қолдануға арналған тиімді дәрілік зат.

Бұл вальпрой қышқылын қабылдайтын және жүкті бола алатын барлық қыздар мен әйелдерге және вальпрой қышқылын қабылдайтын ерлерге қатысты:

- Қолданар алдында дәрілік препараттың медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулығының мазмұнымен мұқият танысыңыз.
- Ешқашан вальпрой қышқылын қабылдауды дәрігердің кеңесінсіз тоқтатпаңыз, себебі сіздің жағдайыңыз нашарлауы мүмкін.
- Егер сіз жүктілікті жоспарлап жүрсеңіз, вальпрой қышқылын қабылдауды және контрацепция қолдануды емдеуші дәрігердің кеңесінсіз тоқтатпаңыз.
- Емдеуші дәрігерден сізге пациентке арналған нұсқаулықты беруін сұраңыз.

Жасалынуы тиіс амалдарды әрқашан біліп жүру үшін осы картаны қауіпсіз жерде сақтаңыз.